

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2022 жылғы 27 сәуірде жарияланған

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
Ә.А. Смайыловқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Мемлекеттің жаңа дәуірін бастап берген қаңтар қасіреті 30 жылдағы барлық қателіктерді әйгілеп берді. Сондықтан да Президент Қ. Тоқаев бастаған саяси реформаны ел қолдауда.

1. Қаңтар қасіреті ең алдымен елімізде 30 жылдан бері Ұлттық идеологияның үшқыны да болмағанын әшкере етті.

Енді саяси реформамен бірге шұғыл Ұлттық идеология концепциясын қабылдау керек.

«Отаншылдық рухы жоғары ел көздеген мақсатына қалайда жетеді»- деді президент. Отаншылдық Ұлттық идеологиядан басталады.

2. Ал ұлттық идеология – ең алдымен Мемлекеттік тіл!

Қазір халықты біртұтас етіп біріктіруші ұлттық идеологиямыз – Мемлекеттік тіліміз болуы керек! Бұны еліміздегі этностардың бәрі де қолдауда. Ассамблея былтыр мемлекеттік тілді міндеттеу туралы Үндеу қабылдады.

Түркияның тұңғыш президенті Ататүрік «Түркиядағы 78 ұлт бүгіннен бастап бір тілде – түрікше сөйлейміз!» - деп жариялады. Осындай қазақ ұлты алдындағы тарихи жауапкершілік пен аманат бізде де атқарылуы тиіс еді...

Сондықтан, елді біріктіріп, топтастыру үшін барлық ұлт тек мемлекеттік тілде сөйлеуі тиіс!

Мен 1979 жылы Алматыға келгенде барлық жерде орыс тілі үстем еді. Біз Кеңес Одағының боданы, отар ел едік.

1999 жылы ұлым: «Әке, неге барлығы орыс тілінде?» деді. «Тәуелсіздікке көп болған жоқ, алда бәрі қазақша болады» деп жұбаттым. Оған өзім де сенген едім.

Биыл, 2022 жылы енді немерем: «Неге барлық жерде орысша?» - деп сұрады. Ал бұл кезде Тәуелсіздік алғанымызға 30 жылдан асқан еді?!

Бұған мен, яғни біз не деп жауап береміз?

Бұған кім жауап береді?

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕН БАСТАЛАДЫ!

Ал бізде 30 жылдан бері МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОҚ!

«Қазақ үні» сайтында «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ АТА ЗАҢДА АЙҚЫН КӨРІНСІН!» атты Президент Қ.Тоқаевқа жазылған Ашық хатқа **126 215 адам қол қойып, мың есе асып түскен тарихи рекорд жасалды. Бұл қалың қол ішінде түрлі этнос өкілдері де жеткілікті.**

Конституцияның тіл туралы бабының бірінші тармағын орындамай, екінші тармағын орындайтын ел әлемде тек Қазақстан!

Сондықтан, Конституциядағы 7-ші бапты өзгертіп, Қазақ тілінің Мемлекеттік тіл ретінде жеке дара статусын айқындау керек!

Тәуелсіздік алған 30 жылда өз тілін білмейтін ұрпақ өсіп шықса, сонда біз қай елде, қандай Тәуелсіздікте өмір сүргенбіз? Мемлекеттік тіл есіктен кіре алмай жылап тұрса, біз неге жетісіп, қалай төрде отырамыз?!. Мемлекеттік тілімізді міндеттейтін заң шығара алмасақ, бұл жерде неге отырмыз?

Өзге елдерде мемлекеттік тілді көтерсең – патриотсың, ал бізде жаусың!

Еститін мемлекет халықты қалай түсінеді, егер екеуі екі тілде сөйлесе?!.

Біз Мемлекеттік тілімізді міндеттейтін заң қабылдау үшін енді тағы 30 жыл үшінші президентті күтуіміз керек пе!

«Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз! Мен азаматтарымыздың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін қалаймын.» - деп мәлімдеген президент осы киелі парызын ертең емес, бүгін өзі орындауы керек!

Елбасы енгізген Конституция мен заңдарымыздағы мемлекеттік тілдің бейшаралығын білдіретін баптардың бәрін де зейнетке шығарып жіберу керек.

Салық төлеу қандай міндет болса, мемлекеттік тілді білу де сондай міндет болуы тиіс.

«Екі тілге бірдей жағдай жасау керек» деген – екіжүзділік. Ол аштан өлгелі жатқанның аузынан асты жұлып ап, тоқтықтан жарыла жаздап отырғанның аузына тығумен тең.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОРЛАТПАУ – МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫНАН БАСТАП, БӘРІМІЗДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ БОЛУЫ ТИІС!

3. Біздің ақпараттық қауіпсіздігіміз де дабыл қағар жағдайда!

Жақында «Demoscope» бюросы жүргізген сауалнама анықтауынша біздің елді Ресей БАҚ-тары жаулап алған! Осыдан-ақ қауіптің қай жақтан келіп жатқанын білуге болады!

Сондықтан, еліміздегі шетел ақпаратын шұғыл тоқтату керек!

Ұсыныстарымыз:

1. Ұлттық идеологиямыздың концепциясын тез арада заңды түрде бекіту қажет!

2. Мемлекеттік тілді міндеттейтін заң қабылдау керек!

3. Конституциядағы тіл туралы бапқа өзгеріс енгізіп, Қазақ тілінің Мемлекеттік тіл ретінде жеке дара статусын айқындау керек!

4. Мемлекеттік тілдің дамуы мен тиісті заңды қадағалау үшін тікелей **Президентке қарайтын Тіл агенттігін құру қажет;**

5. Қазақстанның ұлттық ақпараттық қауіпсіздігін жасап, шетелдік телеарналар мен БАҚ-тардың таралуын шұғыл тоқтату қажет!

6. **Қазір геосаяси жағдайларға байланысты біздің елге басқа елдерден қоныс аударушылар ағылып жатқандықтан, Ұлттық қауіпсіздік мақсатында 2019 жылы «Ақ жол» фракциясы ұсынғандай, Қазақстан Азаматтығын алу үшін мемлекеттік тіл мен ел тарихынан емтихан тапсыруы тиіс.**

Құрметпен,

«Ақ жол» фракциясының мүшелері

Қ. Иса

А. Перуашев,

Д. Еспаева,

А. Әбілдаев,

Е. Барлыбаев,

Б. Дүйсембинов,

С. Ерубасев,

А. Жұмабаева,

А. Линник,

Е. Өмірғали,

М. Раманқұлов,

Ғ. Хамзин

«Amanat» партиясының фракция мүшелері

Б. Смағұл,

Г. Шиповских,

А. Платонов,

Ф. Қаратаев,

М. Тәжмағамбетова,

Ә. Әбсеметова,

Л. Рамазанова,

Ж. Сүлейменова,

Г. Нұрымова,

**Е. Бейсенбаев,
С. Мұсабаев,
Е. Жаңбыршин,
С. Нұрбек,
С. Ертаев,
А. Әлтай,
Ж. Әшімжанов,
С. Адамбаев,
Ғ. Ташқараев
Б. Бекжанов**

Қазақстан Халық фракциясының мүшелері

**Г. Нұғманова,
Ғ. Құлахметов,
А. Паяев**

*Орынд.: З.Е. Серікова
тел.74-62-10*